

Дәрі-дәрмектік заттар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 8 қаңтардағы N 3

1. Қазақстан Эксимбанкі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне 24.941.781 DM сомасындағы дәрі-дәрмектік заттарды берсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

"Елім-ай" халықаралық экологиялық қорының кредит бойынша алынған қаражатты барынша қайтаруын ескеріп, медицинаменттерді сатудың тәртібі мен тетігін айқындасын; емдеу мекемелерінің талаптарын ескере отырып, "Фармация" акционерлік қоғамының жүйесі арқылы дәрі-дәрмектік заттарды халыққа сату мен бөлуді қамтамасыз етсін; <*>

дәрілерді сақтауға, тасуға байланысты шығыстарды медициналық тауарлар құнына жатқызып, есептеуге ұсынсын;

медицинаменттерді халыққа сатудан түскен ақша қаражатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің арнайы шотына шоғырландырсын.

Ескерту. 2-тармақтың 3-ші абзацынан сөздер алынып тасталды -

ҚР Үкіметінің 1996.03.05. N 280 қаулысымен. P960280_

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі дәрі-дәрмектерді ТМД елдеріне қайта экспортқа шығаруға лицензия беруге рұқсат етсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп дәрі-дәрмектерді бөлу мен сатуға бақылау жасау жөнінде Комиссия құрып, оған:

медицинаменттерге баға белгілеу және дәрілерді сатуға бақылау жасау;

сатуға жібергенге дейін дәрі-дәрмектің жарамдылық мерзімі өткенін анықтау және оларды белгіленген тәртіппен жою құқықтарын берсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі денсаулық сақтау мекемелеріне дәрі-дәрмек босату шаралары бойынша сомаларды есептеу жүргізісін.

Премьер-Министр